

Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 7 ақпандағы № 300 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 13 ақпанда № 6682 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 24 тамыздағы № 457 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 24.08.2020 № 457 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы азаматтарының жекеленген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін дәрілік заттар қосымша берілсін.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облыстық мәслихатының
кезектен тыс 27-сессиясының төрағасы*

*Қызылорда облыстық мәслихатының
хатшысы*

Ш. Әбдікәрімов

Н. Байқадамов

Қызылорда облыстық мәслихатының
2019 жылғы "7" ақпандағы
№ 300 шешіміне 1-қосымша

Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін берілетін дәрілік заттар

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихатының 16.10.2019 № 357 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

--	--	--	--	--

№	Ауру түрі	Халық санаты	Дәрілік заттарды тағайындау үшін айғақтар (дәрежесі, сатысы, ауыр ағым)	Дәрілік заттардың

			атаулары (шығару нысаны)
1	Басқа көріністі жылауықты фиброз (муковисцидоз)		- Тобрамицин (сыртқы нысан) 300 мг/5мг, ұнтақ ингаляцияға арналған капсуладағы 28 мг; - Ацетилцистеин 100мг, 200 мг; - Ортатізбелі триглицеридтері бар толыққанды құнарлы қоспа. (Сусын немесе қосымша тамақтануға, сондай-ақ энтералді зонд ретінде қолдануға арналған. 3-жастан жоғары балаларға және ересектерге тағайындалады);
2	Идиопатикалық және екіншілік өкпе артериясының гипертензиясы		- Силденафил 25 мг, 50 мг; - Бозентан 125 мг; - Риоцигуат 2,5 мг; - Илопрост ингаляцияға арналған ерітінді, 10 мкг/мл, 2 мл;
3	Аяқтың эмболиясы және тромбозы		Б а с қ а антикоагулянттық дәрілік препаратты қолдану мүмкін болмағанда - Ривароксабан 10 мг, 20 мг; - Эноксапарин Натрия 0,6 мг;
4	Ювенильді идиопатиялық артрит (балалардағы)		А у р у д ы ң полиартритикалық формасы мен жүйелер бойынша зақымдану клиникалық белгілерінің болуы, этиотропты генді-инженерлік биологиялық дәрілік препаратты ем ретінде қолдану - Адалимубаб, инъекцияға арналған ерітінді 40 мг/0,8 мл;
			- Таңып-байлау материалдары, санитарлық

5	Буллезды эпидермолиз		гигиенаға арналған зат (сабын) мамандандырылған қорек;
6	Бехчет ауруы		- Инфликсимаб 100 мг;
7	Көмей стенозыIV дәрежесі (балалардағы)	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Өмір сапасын жақсартады және өмір сүру ұзақтығын ұзартады - Оттегімен жасанды қамтамасыз етуге және санитарлық гигиенаға арналған залалсыздандыру материалдары; - Будесонид, дозаланған ингаляцияға арналған суспензия 0,25 мг/мл 2 мл; - Повидон - йод 1%-50 мл; - Флуимуцил 100 мг/мл, инъекция мен ингаляцияға арналған ерітінді; - Натрия хлорид 0,9%-100,0; Хлоргексидин биглюконаты, сыртқа қолдануға арналған ерітінді, 0,05%;
8	Целиакия		Туа біткен ферментопатия кезіндегі алмастырғыш дәрілік препарат - Панкреатин 10000 ЕД/150 мг; - Панкреатин 25000 ЕД/300 мг;
9	Созылмалы қабынулық демиелинизациялық полинейропатия		Инфекцияға ағзаның қарсы тұра алу қабілетін қамтамасыз ететін екіншілік гуморальды препарат - Адами қалыпты иммуноглобулин G 50 мл, 100 мл;
10	Иммунды тромбоцитопениялық пурпура		Тромбоцитопениялық пурпураның ауыр түрі, геморрагиялық синдроммен, I, II қатардағы емге көнбеген жағдайда - Элтромбопаг 50 мг;
			Остеопаразоның генерализацияланға

11	Остеопароз		н нысаны, ауыр ағымы, III, IV дәрежелері, сүйек кемігінің бұзылуы ұлғайған кезінде	- Золедрон қышқылы 5 мг/100 мл;
12	Туа біткен гиперинсулинизм		Туа біткен гормонопатия кезіндегі алмастырғыш препараты	- Октреотид 0,05мг/мл, 0,1мг/мл;
13	Псориаз		Ауырлықтың дәрежесіне қарамастан барлық түрлері	- Бетаметазон, салицил қышқылы, 15 гр жақпа майы;
14	Көптік миелома		Ісіктің ұзақ мерзімді регрессиясы кезінде, сондай-ақ рефрактерлі түрі бар пациенттерде де қолданылады	- Даратумумаб 400мг/20 мл, 20 мл инфузиялық ерітіндіні дайындайтын концентрат; 100 мг / 5 мл, 5 мл инфузиялық ерітіндіні дайындайтын концентрат;
15	Қант диабеті 1 типі, ауыр ағымда декомпенсация сатысы		Гипергликемиялық жағдайға байланысты	- Инсулиндік помпаға арналған резервуар 3 мл, инсулин помпасына жиынтық;
16	Бүйректің гетеротоксикалық аллотрансплантация сынан кейінгі жағдай		Ағзалар трансплантациясынан кейінгі қауіп тобына жататын науқастарды цитомегаловирустық инфекцияның алдын алу мақсатында	- Валганцикловир қабықпен қапталған 450 мг таблетка;
17	Психикалық және мінез-құлықтық ауытқулары	"Д" есепте тұрмайтындар үшін	Депрессивтік жағдайлар Қобалжу	- Сертралин 50 мг таблетка; - Флувоксамин 50 мг таблетка; - Диазепам 5 мг таблетка.

Аббревиатураның толық жазылуы:

мг - миллиграмм;

мл - миллилитр;

мкг - микрограмм;

% - пайыз;

гр - грамм.

Қызылорда облыстық мәслихатының
2019 жылғы "7" ақпандағы №300
шешіміне 2-қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының күші жойылды деп танылған шешімдерінің тізбесі

1. "Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды қосымша беру туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы № 347 шешімі. (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5404 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 22 наурызда "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде, 2016 жылғы 21 сәуірдегі "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2. "Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды қосымша беру туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы № 347 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 55 шешімі. (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5603 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 19 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 24 қыркүйекте "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде жарияланған);

3. "Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды қосымша беру туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы № 347 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 24 қазандағы № 144 шешімі. (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6014 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 17 қарашада жарияланған);

4. "Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы № 347 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы 12 ақпандағы № 181 шешімі. (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6183 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 12 наурызда жарияланған);

5. "Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы № 347 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 190 шешімі. (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6262 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 26 сәуірде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК